

# *Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі*

## *Қазақстан Республикасының сақтандыру секторының 2015 жылғы 1 тамыздағы ағымдағы жағдайы*

Көлемі: 10 бет  
Кесте саны: 10  
График саны: 7  
Кезеңділігі: ай сайынғы жаңарту

*2015 жыл*

## **МАЗМҰНЫ**

### **I. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

1-кесте. Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының құрылымы

### **II. ҚР САҚТАНДЫРУ (ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ) ҰЙЫМДАРЫНЫҢ АКТИВТЕРІ**

2-кесте. ҚР сақтандыру секторының жиынтық активтерінің құрылымы

### **III. ҚР САҚТАНДЫРУ (ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ) ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ КАПИТАЛЫ**

3-кесте. ҚР сақтандыру секторының жиынтық міндеттемелерінің құрылымы

1-график. Активтердің, меншікті капиталдың және сақтандыру резервтерінің динамикасы

### **IV. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫ**

4-кесте. Сақтандыру сыйлықақыларының түсімі

2-график. Сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы

5-кесте. Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсімі

3-график. Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы

4-график. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің құрылымы

5-график. «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы

### **V. ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ**

6-кесте. Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы

6-график. Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы

### **VI. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІ**

7-кесте. Сақтандыру төлемдерінің құрылымы

7-график. Сақтандыру төлемдерінің динамикасы

### **VII. САҚТАНДЫРУ (ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ) ҰЙЫМДАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ РӨЛІ**

8-кесте. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының кірістері мен шығыстары

9-кесте. Сақтандыру секторының макроэкономикалық көрсеткіштері

10-кесте. Сақтандыру секторының шоғырлануы

**I. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ****1-кесте. Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының құрылымы**

Сақтандыру секторының институционалдық құрылымы	01.08.2014	01.08.2015
Сақтандыру ұйымдарының саны	34	34
<i>оның ішінде өмірді сақтандыру бойынша</i>	7	7
Сақтандыру брокерлерінің саны	14	15
Актуарийлердің саны	71	62
«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-тың қатысушысы болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының саны	30	30
ҚР бейрезиденті сақтандыру ұйымдары өкілдерінің саны	3	3

**II. ҚР САҚТАНДЫРУ (ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ) ҰЙЫМДАРЫНЫҢ АКТИВТЕРІ**

2015 жылғы 1 тамызда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 653 958 млн. теңге болды, бұл 2015 жылғы 1 қаңтардағы ұқсас көрсеткіштен 6,7% көп және 2014 жылғы 1 тамыздағы ұқсас көрсеткіштен 8,8%-ға көп, оның ішінде:

**2-кесте. ҚР сақтандыру секторының жиынтық активтерінің құрылымы**

Активтер	01.08.2014		01.01.2015		01.08.2015		Жылдың басындағы өзгеріс, %-бен
	млн. теңге	жиын-тығында %-бен	млн. теңге	жиын-тығында %-бен	млн. теңге	жиын-тығында %-бен	
Ақша	21 576	3,6	17 589	2,9	23 597	3,6	34,2
Орналастырылған салымдар	160 202	26,6	150 008	24,5	152 192	23,3	1,5
Бағалы қағаздар	283 527	47,2	294 085	48,0	311 322	47,6	5,9
"Кері РЕПО" операциясы	8 320	1,4	14 704	2,4	13 937	2,1	-5,2
Сақтанушылар мен делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	25 178	4,2	23 910	3,9	29 402	4,5	23,0
Негізгі қаражат	10 211	1,7	10 765	1,8	10 176	1,6	-5,5
Қайта сақтандыру активтері	66 418	11,0	74 323	12,1	80 902	12,4	8,9
Өзге дебиторлық берешек	13 189	2,2	12 632	2,1	12 277	1,9	-2,8
Басқа активтер	12 546	2,1	14 627	2,4	20 152	3,1	37,8
<b>Жиынтығы</b>	<b>601 166</b>	<b>100,0</b>	<b>612 645</b>	<b>100,0</b>	<b>653 958</b>	<b>100,0</b>	<b>6,7</b>

2015 жылдың басынан бастап активтердің өсуі негізінен бағалы қағаздардың 5,9%-ға және қайта сақтандыру активтерінің 11,8%-ға ұлғаюы есебінен байқалады.

### III. ҚР САҚТАНДЫРУ (ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ) ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ


#### 3-кесте. ҚР сақтандыру секторының жиынтық міндеттемелерінің құрылымы

Міндеттемелер	01.08.2014		01.01.2015		01.08.2015		Жылдың басындағы өзгеріс, %-бен
	млн. теңге	жиынтығында %-бен	млн. теңге	жиынтығында %-бен	млн. теңге	жиынтығында %-бен	
Резервтер	283 199	85,8	298 056	91,5	317 555	90,6	6,5
Алынған қарыздар	700	2,2	445	0,1	469	0,1	5,4
Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу	15 807	6,0	9 463	2,9	14 582	4,2	54,1
Сақтандыру (қайта сақт.) қызметі бойынша делдалд. есеп айырысу	2 958	0,8	1 585	0,5	1 525	0,4	-3,8
Сақтандыру (қайта сақт.) шарттары бойынша төленетін шоттар	3 511	0,4	2 938	0,9	5 435	1,6	85,0
Басқа кредиторлық берешек	3 068	1,7	2 948	0,9	2 672	0,8	-9,4
Басқа міндеттемелер	6 159	3,0	10 226	3,1	8 114	2,3	-20,7
<b>Жиынтығы</b>	<b>315 401</b>	<b>100,0</b>	<b>325 660</b>	<b>100,0</b>	<b>350 351</b>	<b>100,0</b>	<b>7,6</b>

2015 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары міндеттемелерінің сомасы 350 571 млн теңге болды, бұл 2015 жылғы 1 қаңтардағы ұқсас көрсеткіштен 7,6%-ға көп және 2014 жылғы 1 тамыздағы ұқсас көрсеткіштен 11,1%-ға көп.

Есепті күні сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің көлемі 317 555 млн. теңге болды, бұл 2015 жылғы 1 қаңтарда қалыптастырылған резервтер көлемінен 6,5%-ға көп және 2014 жылғы 1 тамызда қалыптастырылған резервтер көлемінен 12,1%-ға көп.

#### 1-график. Активтердің, меншікті капиталдың және сақтандыру резервтерінің динамикасы



#### IV. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫ

Сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2014 жылғы 1 тамыздағы ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда 2015 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 5,2%-ға ұлғайды және 173 957 млн. теңге болды, оның ішінде тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі – 159 078 млн. теңге.

Сақтандыру сыйлықақыларының негізгі үлесін ерікті мүліктік сақтандыру алады (84 223 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 48,4%-ы).


Ерікті жеке сақтандыру бойынша 49 493 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 28,5%, міндетті сақтандыру бойынша – 40 241 млн. теңге немесе 23,1% жиналды.

#### 4-кесте. Сақтандыру сыйлықақыларының түсімі

Сақтандыру сыйлықақыларының түсімі	01.08.2014		01.08.2015		Өзгер., %-бен
	млн. теңге	жиын- тығында %-бен	млн. теңге	жиын- тығында %-бен	
<b>Барлығы, оның ішінде:</b>	<b>165 351</b>	<b>100,0</b>	<b>173 957</b>	<b>100,0</b>	<b>5,2</b>
<b>Міндетті сақтандыру бойынша, оның ішінде:</b>	<b>35 968</b>	<b>21,8</b>	<b>40 241</b>	<b>23,1</b>	<b>11,9</b>
көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі	19 630	11,9	23 103	13,3	17,7
қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру	13 954	8,4	14 705	8,5	5,4
тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі	927	0,6	1 035	0,6	11,7
міндетті сақтандырудың өзге сыныптары	1 457	0,9	1 398	0,8	-4,1
<b>Ерікті жеке сақтандыру бойынша, оның ішінде:</b>	<b>48 546</b>	<b>29,4</b>	<b>49 493</b>	<b>28,5</b>	<b>2,0</b>
өмірді сақтандыру	13 442	8,1	14 245	8,2	6,0
аннуитеттік сақтандыру	10 771	6,5	14 139	8,1	31,3
жазатайым жағдайлардан сақтандыру	8 217	5,0	3 960	2,3	-51,8
ауырған жағдайлардан сақтандыру	16 116	9,7	17 148	9,9	6,4
<b>Ерікті мүліктік сақтандыру бойынша, оның ішінде:</b>	<b>80 837</b>	<b>48,9</b>	<b>84 223</b>	<b>48,4</b>	<b>4,2</b>
мүлікті сақтандыру	38 555	23,3	41 356	23,8	7,3
азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру	12 360	7,5	15 064	8,7	21,9
өзге қаржы шығындарынан сақтандыру	11 495	7,0	8 669	5,0	-24,6
автомобиль көлігін сақтандыру	9 719	5,9	9 451	5,4	-2,8
жүктерді сақтандыру	2 565	1,6	2 559	1,5	-0,2
ерікті мүліктік сақтандырудың өзге сыныптары	6 144	3,7	7 124	4,1	16,0

\* сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары ескеріле көрсетілген

#### 2-график. Сақтандыру сыйлықақыларының тоқсандағы динамикасы



### 5-кесте. Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсімі


Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсімі	01.08.2014		01.08.2015		Өзг., %-
	млн.теңге	жиынтығында %-бен	млн.теңге	жиынтығында %-бен	
Сақтандыру салалары бойынша, барлығы	165 351	100,0	173 957	100,0	5,2
Өмірді сақтандыру	24 213	14,6	28 385	16,3	17,2
Жалпы сақтандыру	141 139	85,4	145 573	83,7	3,1

\* сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары ескеріле көрсетілген


**«Өмірді сақтандыру» саласы.** 2015 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша «өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 28 385 млн. теңге болды, бұл өткен жылғы ұқсас күнге қарағанда 17,2%-ға көп. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сыйлықақылардағы үлесі есепті күні 2014 жылғы 1 тамыздағы 14,6%-ға қарсы 16,3% болды.

**«Жалпы сақтандыру» саласы.** 2015 жылғы 7 айда «жалпы сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 145 573 млн. теңге болды, бұл 2014 жылғы ұқсас күнге қарағанда 3,1%-ға көп.

### 3-график. Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы



### 4-график. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары түсімінің құрылымы, %



### 5-график. «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы, %



## V. ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ

### 6-кесте. Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы


Сақтандыру сыйлықақылары	01.08.2014		01.08.2015		Өзг., %-бен
	млн.теңге	%-бен *	млн.теңге	%-бен *	
<b>Барлығы қайта сақтандыруға берілді, оның ішінде:</b>	<b>57 909</b>	<b>35,0</b>	<b>56 590</b>	<b>32,5</b>	<b>-2,3</b>
бейрезиденттерге	45 210	27,3	48 721	28,0	7,8
резиденттерге	12 699	7,7	7 869	4,5	-38,0
<b>Барлығы бейрезиденттерден қайта сақтандыруға қабылданды</b>	<b>9 862</b>	<b>6,0</b>	<b>8 200</b>	<b>4,7</b>	<b>-16,8</b>

\* сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлеміне пайызбен

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 56 590 млн. теңге болды немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 32,5%-ын құрады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 28,0%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 14 880 млн. теңге болды. Бұл ретте Қазақстан Республикасының бейрезиденттерінен қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 8 200 млн. теңге болды.

### 6-график. Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының үлесі, %



## VI. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІ

## 7-кесте. Сақтандыру төлемдерінің құрылымы


Сақтандыру төлемдері	01.08.2014		01.08.2015		Өсімі, %-бен
	млн. теңге	жиын- тығында %-бен	млн. теңге	жиын- тығында %-бен	
<b>Барлығы, оның ішінде:</b>	<b>34 465</b>	<b>100,0</b>	<b>37 813</b>	<b>100,0</b>	<b>9,7</b>
<b>Міндетті сақтандыру бойынша, оның ішінде:</b>	<b>14 469</b>	<b>42,0</b>	<b>14 707</b>	<b>38,9</b>	<b>1,6</b>
көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі	8 283	24,0	9 887	26,1	19,4
қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру	5 893	17,1	4 467	11,8	-24,2
өзге сыныптар	293	0,9	353	0,9	20,5
<b>Ерікті жеке сақтандыру, оның ішінде:</b>	<b>14 386</b>	<b>41,7</b>	<b>16 601</b>	<b>43,9</b>	<b>15,4</b>
өмірді сақтандыру	511	1,5	466	1,2	-8,9
аннуитеттік сақтандыру	5 204	15,1	5 967	15,8	14,7
жазатайым жағдайлардан сақтандыру	153	0,4	850	2,2	457,1
ауырған жағдайлардан сақтандыру	8 518	24,7	9 319	24,6	9,4
<b>Ерікті мүліктік сақтандыру, оның ішінде:</b>	<b>5 610</b>	<b>16,3</b>	<b>6 505</b>	<b>17,2</b>	<b>16,0</b>
автомобиль көлігін сақтандыру	2 549	7,4	3 236	8,6	27,0
мүлікті сақтандыру	1 614	4,7	1 045	2,8	-35,2
азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру	810	2,4	229	0,6	-71,7
өзге сыныптар	637	1,8	1 995	5,3	213,0

\* сомасы қайта сақтандыруға қабылданған шарттар б-ша жүзеге асырылған сақт. төлемдері шегеріліп көрсетілген, - 7 634 млн. теңге

2015 жылғы 7 айда төленген сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі (қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде) 37 813 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың ұқсас күніне қарағанда 9,7%-ға көп.

2015 жылғы 7 айда төленген сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемінен ең көп үлесті ерікті жеке сақтандыру төлемдері алады – 43,9%, міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру бойынша – 38,9% және ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 17,2%.

## 7-график. Сақтандыру төлемдерінің динамикасы





## VII. САҚТАНДЫРУ (ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ) ҰЙЫМДАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ, ҚР ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ РӨЛІ

### 8-кесте. Сақтандыру қайта сақтандыру ұйымдарының кірістері мен шығыстары

Пайда/Шығын	01.08.2014		01.08.2015		Өзг., %-бен
	млн. теңге	%-бен	млн. теңге	%-бен	
Сақтандыру қызметінен түскен кірістер	102 892	73,1	111 401	83,3	8,3
Инвестициялық қызметтен түскен кірістер	36 734	26,1	21 273	15,9	-42,1
Өзге кірістер	1 144	0,8	993	0,7	-13,2
<b>Кірістер жиынтығы</b>	<b>140 770</b>	<b>100,0</b>	<b>133 666</b>	<b>100,0</b>	<b>-5,0</b>
Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша таза шығыстар	31 011	30,8	37 861	40,0	22,1
Сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы төлеу шығыстары	20 221	20,1	19 555	20,7	-3,3
Жалпы және әкімшілік шығыстар	26 426	26,3	27 414	29,0	3,7
Өзге шығыстар	22 956	22,8	9 849	10,4	-57,1
<b>Шығыстардың жиынтығы</b>	<b>100 613</b>	<b>100,0</b>	<b>94 680</b>	<b>100,0</b>	<b>-5,9</b>
Корпоративтік табыс салығын төлегенге дейінгі таза пайда (шығын)	40 157		38 986		-2,9
Корпоративтік табыс салығы	5 206		4 817		-7,5
<b>Салық төлегеннен кейінгі таза пайда (шығын) жиынтығы</b>	<b>34 950</b>		<b>34 169</b>		<b>-2,2</b>

Сақтандыру секторының таза пайдасы есепті күні 34 169 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың ұқсас күніне қарағанда 2,2%-ға аз.

Сақтандыру қызметінен түскен кірістер 111 401 млн. теңге болды және өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда 8,3% ұлғайды. Бұл ретте, инвестициялық қызметтен түскен кірістер өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда 42,1%-ға азайды.

### 9-кесте. Сақтандыру секторының макроэкономикалық көрсеткіштері

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері	01.08.2014	01.01.2015	01.08.2015
ЖІӨ, млрд. теңгемен <sup>1</sup>	38 624	38 624	41 308
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,56	1,59	1,58
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,74	0,74	0,73
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,37	0,69	0,42
Сақтандыру сыйлықақыларының жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен <sup>2</sup>	8 271	15 297	9 917

<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігінің болжам деректері бойынша;

<sup>2</sup>Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 01.07.2015 ж. ҚР халқының саны 17 541 мың адам болды.

**10-кесте. Сақтандыру секторының шоғырлануы, %**

<b>Сақтандыру нарығының сақтандыру көрсеткіштерінен үлесі, %</b>	<b>01.08.2014</b>	<b>01.01.2015</b>	<b>01.08.2015</b>
Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының активтері	68,7	70,2	75,6
Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының меншікті капиталы	72,7	71,6	77,3
Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының сақтандыру сыйлықақылары	52,5	56,6	57,9
Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының сақтандыру төлемдері	51,6	50,5	58,2

Алғашқы он сақтандыру компаниясының сақтандыру нарығының жиынтық активтеріндегі үлесі 75,6% болды. Алғашқы он сақтандыру компаниясының сақтандыру нарығының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақыларының 57,9% және сақтандыру төлемдерінің 58,2% болды.